

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.к., доцент Тергемес К.Т.

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« _____ » 2019 ж.

(колы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: 110/10 кВ 2·16 МВА №207 Маралсай
Б/С-мақ рөлдік қорғанасы

5В071800 – Электр Энергетика мамандығы бойынша
Орындаған Опабек Азиз Нуртайұлы Р.З.Ак-15-4
(студенттің аты - жөні) (тобы)

Жетекші аға оқытушы Арстанов Н.Н.
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
_____ « 28 » мамыр 2019 ж.
(колы)

Пікір жазушы : _____
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« _____ » _____ 2019 ж.
(колы)

Кенесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :
аға оқытушы Саттимова М.Е.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ « 24 » 05 2019 ж.
(колы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
аға оқытушы Жеркев А.А.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ « 20 » 05 2019 ж.
(колы)

Мөлшер бақылаушы: ассистент Даукенова Н.А.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
_____ « 04 » 06 2019 ж.
(колы)

Алматы 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика және электртехника институты
5B081200 – Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету мамандығы
Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері кафедрасы

жұмысты орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Опабек Аяғол Нуртайұлы

(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы 110/10 кВ 2.16 МВА №207 Маралсай
В/С-ның рөлдік қорынасы

ректордың «26» қазан 2018 ж. № 124 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «25» мамыр 2019 ж.

Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Берілген №207 В/С-ның трансформатор үшін, берілген классқа келіштілік аспаптарды таңдау, келісуге, трансформаторға қорынастар орнату. Жосалғы станцияның экономикалық және өміртіршілік қауіпсіздік бөлімдеріне есептеу жүргізу

Диплом жұмысындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жұмысының қысқаша мазмұны:

Жосалғы станция үшін электр қондырғыларын таңдау, №207 станция үшін трансформатор, келіштілік аспаптар таңдау, экономикалық және өміртіршілік қауіпсіздік бөлімдеріне есептеу жүргізіп, қорынастыр таңдау.

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ДАЙЫНДАУ

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	№207 қосалқы станцияның электрлік бөлігін жасау	04.02.2019	Орындалған
2	Ұлкен түйістілеу ток-тарын анықтау	20.02.2019	Орындалған
3	Трансформатордың релік қорғаныш	15.03.2019	Орындалған
4	Өміртүршілік қауіпсіздігі	20.05.2019	Орындалған
5	Жеке релік қорғаныш		
6	Жанамиканың бөлімі	24.05.2019	орындалған

Тапсырманың берілген уақыты « 24 » қазан 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Теремеев К.Б.
 (қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жұмыс жетекшісі _____ Аристанов Н.Н.
 (қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Опабек Ақыл
 (қолы) (аты-жөні)

Анотация

Бұл дипломдық жұмыста «110/10 кВ 2×16 МВА Маралсай қосалқы станциясының релелік қорғанысы» қарастырылады. Дипломдық жобаның негізгі мақсаты – 16 МВА трансформатор мен желінің релелік қорғанысы. Сол себепті қосалқы станцияның принципті сұлбасы мен күштік қондырғылары, жалғау аппараттары таңдап алынды және де қосалқы станция элементтерінің релелік қорғаныс параметрлері есептелген.

«Өміртіршілік қауіпсіздігі» бөлімінде электр тогының адамға әсері, қауіпсіздік критерилері, сондай-ақ қосалқы станцияның диспетчерлік бөлмесінің жарықтандыруы есептелді.

Дипломдық жобаның экономикалық бөлімінде ҚС экономикалық тиімділігі есептелді.

Анотация

В данной дипломной работе рассматривается «Релейная защита подстанций 110/10 кВ 2×16 МВА Маралсай». Основная задача дипломного проекта – релейная защита трансформатора 16 МВА и линия системы к которой она присоединена. В следствии чего были выбраны принципиальные схемы подстанций, силовые орнановки, соединительные аппараты и рассчитаны параметры релейной защиты элементов подстанций.

В разделе «Безопасность жизнедеятельности» рассматривается влияние электрического тока на человека, критерии безопасности, а также расчет освещения диспетчерской комнаты подстанции.

В экономической части дипломного проекта приведены экономическая эффективность ПС.

Annotation

As the title implies the diploma work describes «Relay protection of substation 110/10 kv 2×16 mva Maralsai». The graduation project touches upon the issue of relay protection of transformer 16 MVA and system line, which is connected to. And as a result there were chosen some principal schemes of substation, propulsion, connective device and also there were counted parameters of relay protection of substation elements.

In section «Safety and vitality» it is dealt with current influence on people, criteria of security, and calculation of lighting of dispatcher room of substation.

In economic part of graduation project were defined technical-economical indicators of building PS (Professional Standart), beside there were also counted efficiency of project.

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 Дипломдық жоба бойынша алғашқы мәліметтер.....	
5 1.1 Жүйе элементтерінің кедергілерін	
анықтау.....	6
1.2 Қысқа тұйықталу токтарын есептеу.....	7
2 Жабдықтар мен коммутациялық аппараттарды таңдау.....	
10	
2.1 Жалпы түсініктеме.....	10
Ажыратқыштарды таңдау.....	2.2 10
2.3 Айырғыштарды таңдау.....	14
2.4 Өлшеуіштік ток трансформаторларын таңдау.....	15
2.5 Өлшеуіштік кернеу трансформаторларын таңдау.....	19
2.6 Шиналарды таңдау.....	21
2.7 Сақтандырғыштарды таңдау.....	
22	
2.8 Асқын кернеу шектеуші таңдау.....	23
3 Желінің қорғанысы.....	25
3.1 Төрт сатылы нөлдік реттілік ток қорғанысын (НРТҚ) есептеу.....	25
3.2 Дистанционды қорғаныс.....	30
Трансформатордың қорғанысы.....	4 36
4.1 Дифференциалды қорғаныс.....	
36	
4.2 Трансформатордың газдық қорғанысы.....	41
4.3 Трансформатордың резервті қорғанысы. Мисом Р141 қондырғыс.....	43
4.4 Трансформатордың резервтік қорғанысы.....	46
5 Арнайы бөлім.....	49
5.1 Қозғалтқыштарды релелік қорғау түрлері.....	49
5.2 Тежелумен дифференциалды қорғанысты орындау нұсқалары (ДЗТ)...	50
6 Өмір тіршілік қауіпсіздігі.....	55
6.1 Электр тогының адамға әсері.....	

55	6.2	Электр	тогының	қауіпсіздік
критерилері				56
6.3 Қосалқы стансаларда жұмыс жағдайын талдау, жарықтандыру.....				57
7 Экономикалық бөлім.....				65
7.1 Нысанның техника-экономикалық көрсеткіштерін есептеу.....				65
7.2 Инвестициялар эффективтілігін есептеу.....				70
Қорытынды.....				73
Әдебиеттер тізімі.....				74
Қосымша А.....				76
Қосымша Б.....				91

Кіріспе

Релелік қорғаныс энергожүйенің электр бөлігіндегі зақымданулар мен нормаланбаған режимдерді автоматты түрде жоюды жүзеге асырады және олардың сенімді және тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін маңызды автоматика болып табылады. Жүктемелердің өсуі, электр энергиясын тарату желілерінің ұзындығының артуына, энергия жүйелерінің орнықтылығына қойылатын талаптардың қатандауы релелік қорғаныс жұмысының жағдайын күрделендіреді және оның жылдамдығына, сезімталдығына және сенімділігіне қойылатын талаптарды арттырады. Осыған байланысты қазіргі заманғы энергетиканың талаптарына жауап беретін неғұрлым жетілдірілген қорғаныс құруға бағытталған релелік қорғаныс техникасын дамыту мен жетілдірудің үздіксіз процесі жүріп жатыр.


Электр тораптарының сенімді жұмысы үшін релелік қорғаныс және аварияға қарсы автоматика (РҚА) құрылғыларын дұрыс орындау және таңдау өте маңызды және оның ішінде РҚА аппаратурасының жұмыс істеу параметрлерімен іске қосылу тағайындамаларын дұрыс таңдау.

Берілген дипломдық жұмыста №207 110/10 кВ қосалқы станцияның релелік қорғанысы есептелініп, орнатылды. Жоғарыда айтылғандай қосалқы станцияның дұрыс әрі сенімді жұмыс істеуі үшін, қолданылатын қондырғылармен релелік қорғаныстың тағайындамаларын дұрыс таңдау мақсатында есептеулер жүргізілді. Соның ішінде трансформатормен оны қоректендіріп тұрған желілердің негізгі және қосымша релелік қорғанысы. Қосалқы станцияның дұрыс жұмыс істеу сенімділігін арттыру мақсатында замануи терминалдар қолданылды. Одан бөлек қосалқы станцияны соғу барысында кететін қаржы көлемін азайту мақсатында арзан әрі сапалы қондырғыларды таңдауға тырыстық.

Экономикалық бөлім бойынша №207 110/10 кВ қосалқы станцияны, оның желілерін салуға қанша инвестиция қажет екенін, қосалқы станция неше жылда өзін-өзі ақтап шығатынын есептеп таптық.

«Өміртіршілік қауіпсіздігі» бөлімінде электр тогының адамға әсерін, электр тогының қауіпсіздік критерилерін теориялық түреде қарастырып, сондай-ақ қосалқы станцияның диспетчерлік бөлмесінің жарықтандыруын есептедік.

1 Дипломдық жоба бойынша алғашқы мәліметтер



1.1 сурет– Қосалқы станцияның бас электрлік сұлбасы

Бастапқы берілген шамалар:

С-1 қорек жүйесі: $S_{кз\ max} = 2800$ МВА; $S_{кз\ min} = 2700$ МВА;

С-2 қорек жүйесі: $S_{кз\ max} = 2600$ МВА; $S_{кз\ min} = 2500$ МВА; С-3

қорек жүйесі: $S_{кз\ max} = 2800$ МВА; $S_{кз\ min} = 2700$ МВА.

1.1 кесте - Трансформаторлардың параметрлері:

Трансформатордың нормативтік паспорттық белгіленуі	Номиналдық толық қуаты, МВА	Номиналдық кернеуі		Реттелетін кернеудің ең аз, орташа және ең жоғары мәні үшін орамдар арасындағы u_k кернеуі %		
		ЖК, кВ	ТК, кВ	min	орт	max
ТДН-16000/110/10	16	115	11,0	9,8	10,5	11,71

1.1 Жүйе элементтерінің кедергілерін анықтау

Трансформатор кедергісін анықтау.

Трансформатор кедергісін екі шектік мәнін – РПН-нің шекті төменгі және шекті жоғарғы жағдайында есептейміз. Екі орамды трансформатордың кедергісін келесі формуламен есептейміз.

$$X_T = \frac{U_k}{100} \cdot \frac{U_{\text{ОПТ}}}{S_{\text{НОМ,Т}}} \quad (1.1)$$

РПН минималды болған кезде трансформатордың кедергісі:

$$X_T = \frac{U_k}{100} \cdot \frac{U_{\text{ОПТ}}}{S_{\text{НОМ,Т}}} = \frac{9,8}{100} \cdot \frac{115^2 \cdot 10^6}{16 \cdot 10^6} = 81 \text{ Ом}$$

РПН максималды болған кезде трансформатордың кедергісі:

$$X_T = \frac{U_k}{100} \cdot \frac{U_{\text{ОПТ}}}{S_{\text{НОМ,Т}}} = \frac{11,71}{100} \cdot \frac{115^2 \cdot 10^6}{16 \cdot 10^6} = 96,7 \text{ Ом}$$

Желі кедергісі. Желілердің индуктивтік кедергісі $X_{\text{Ж}}$ төмендегі формуламен анықталады:

$$X_{\text{Ж}} = x_{0\text{СОК}} \cdot l \quad (1.2)$$

Желі сымының меншікті индуктивті орташа кедергісі: $x_{0\text{СОК}} = 0,4 \text{ Ом/км}$;

W1, W2 $X_{ж} = 0,4 \cdot 22 = 8,8 \text{ Ом};$
 W3, W4 $X_{ж} = 0,4 \cdot 21 = 8,4 \text{ Ом};$
 W5, W6 $X_{ж} = 0,4 \cdot 15 = 6 \text{ Ом};$
 W7, W8 $X_{ж} = 0,4 \cdot 16 = 6,4 \text{ Ом};$
 W9 $X_{ж} = 0,4 \cdot 22 = 8,8 \text{ Ом};$
 W10 $X_{ж} = 0,4 \cdot 18 = 7,2 \text{ Ом};$
 W11 $X_{ж} = 0,4 \cdot 16 = 6,4 \text{ Ом};$
 W12, W13 $X_{ж} = 0,4 \cdot 19 = 7,6 \text{ Ом};$
 W14, W15 $X_{ж} = 0,4 \cdot 17 = 6,8 \text{ Ом};$ W16,
 W17 $X_{ж} = 0,4 \cdot 21 = 8,4 \text{ Ом};$ W18, W19
 $X_{ж} = 0,4 \cdot 18 = 7,2 \text{ Ом};$ W20, W21 $X_{ж} =$
 $0,4 \cdot 20 = 8 \text{ Ом};$
 W22, W23 $X_{ж} = 0,4 \cdot 18 = 7,2 \text{ Ом};$
 W24, W25 $X_{ж} = 0,4 \cdot 14 = 5,6 \text{ Ом};$
 W26, W27 $X_{ж} = 0,4 \cdot 17 = 6,8 \text{ Ом};$ W28, W29
 $X_{ж} = 0,4 \cdot 19 = 7,6 \text{ Ом}.$

Жүйе кедергісін анықтау.

Жүйе кедергісі жүйенің максималды және минималды жағдайлары үшін есептелінеді:

$$X_c = \frac{U_{62}}{S_c} \quad (1.3)$$

C1 Бірінші жүйенің максималды және минималды кедергісі:

$$X_{c1max} = \frac{115^2}{2800} = 4,72 \text{ Ом};$$

$$115^2$$

$$X_{c1min} = \frac{\quad}{2700} = 4,89 \text{ Ом.}$$

С2 Екінші жүйенің максималды және минималды кедергісі:

$$X_{c2max} = \frac{115^2}{2600} = 5,086 \text{ Ом;}$$

$$X_{c2min} = \frac{115^2}{2500} = 5,29 \text{ Ом.}$$

С3 Үшінші жүйенің максималды және минималды кедергісі:

$$X_{c3max} = \frac{115^2}{2800} = 4,72 \text{ Ом;}$$

$$X_{c3min} = \frac{115^2}{2700} = 4,89 \text{ Ом.}$$

1.2 Қысқа тұйықталу токтарын есептеу


Жалпы мәлімет.

Электр тізбегінде қысқа тұйықталу токтарының пайда болу себебінің бірі ол электрқондырғылардың оқшауламасының бұзылуы. Бұл қондырғыларда үш фазалы, екі фазалы немесе бір және екі фазалы жерге тұйықталған ҚТ токтары болуы мүмкін. ҚТ токтарының әсерінен өткізгіштер мен түйіспелерде энергия шығыны мен олардың қызу шамасы артады [1].


Қысқы тұйықталу токтары.

Үш фазалы ҚТ токтарын есептеу үшін «MULTISIM» виртуалды бағдарламасы арқылы жүйенің орынбасу сұлбасын құрастырып аламыз. Сол

арқылы қорғалып жатқан трансформатордың жоғарғы және төменгі кернеулеріндегі немес трансформатордың шықпаларындағы үш фазалы ҚТ токтарын есептеп аламыз.



1.1 сурет – Трансформатордың жоғарғы кернеуіндегі ҚТ тогы



1.2 сурет – Трансформатордың төменгі кернеуіндегі ҚТ тогы

ҚТ тогының ең үлкен лездік мәні - соққы тогын анықтау қажет:

$$i_{\text{соқ}} = \sqrt{2} \cdot k_c \cdot I_k^{(3)}, \quad (1.4)$$

мұндағы $I_k^{(3)}$ – үш фазалы ҚТ, кА; k_c – соққы коэффициенті, $k_{\text{соқ}} = 1,8$ [1].

$$i_{\text{соқ жк}} = \sqrt{2} \cdot I_k^{(3)} \cdot k_c = \sqrt{2} \cdot 1,78 \cdot 3,492 = 8,8 \text{ кА};$$

$$i_{\text{соқ тк}} = \sqrt{2} \cdot I_k^{(3)} \cdot k_c = \sqrt{2} \cdot 1,78 \cdot 7,285 = 18,33 \text{ кА}.$$

Шыққан соққы тогы мен қысқа тұйықталу тогының шамаларын кестеге енгіземіз.

1.2 кесте – ҚТ мен соққы тогы мәндері

ҚТ нүктелері	$i_{\text{соқ}}, \text{кА}$	$I_{\text{к(ЗТ)}}, \text{кА}$
К1 (110 кВ)	8,8	3,492
К2 (10 кВ)	18,33	7,282

2 Жабдықтар мен коммутациялық аппараттарды таңдау

2.1 Жалпы түсініктеме

Электрмен жабдықтау жүйесі - бұл электр энергиясын өндірушіден тұтынушыларға дейін таратуға арналған инженерлік құрылыстар, жабдықтар мен аппаратуралар кешені болып табылады. Жүйенің негізгі компоненттері электр энергиясын тарату желілері, қосалқы станциялар және тарату құрылғылары болып табылады. Осы себепті жабдықтар мен коммутациялық аппараттарды таңдау кезінде әрбір элементтің есептік мәндер бойынша дұрыс таңдалуы және жабдықтардың сапалы болуын қадағалауымыз керек [1].

2.2 Ажыратқыштарды таңдау

Жоғары вольтты ажыратқыштар – бұл қалыпты режимдерде электр тізбектерін қосуға, ажыратуға және ҚТ кезінде және басқа да авариялық режимдерде электрмен жабдықтау жүйесінің зақымдалған элементтерін Автоматты ажыратуға арналған коммутациялық аппараттар.

Жоғары вольтты ажыратқыштарды таңдау кернеу мен ток сипаттамаларына сәйкес жүргізіледі. Ажыратқышты таңдау үшін төмендегі 5 шарт қанағаттандырылғандай болуы керек.

1) Кернеу бойынша таңдау:

$$U_{\text{ном ажыр}} \leq U_{\text{орн.ном}}, \quad (2.1)$$

мұндағы $U_{\text{ном ажыр}}$ – ажыратқыштың номиналды кернеуі, кВ;

$U_{\text{орн.ном}}$ – орнатылған қондырғының номиналды кернеуі, кВ.

2) Ток бойынша таңдау:

$$I_{\text{ном ажыр}} \leq I_{\text{макс ес.}}, \quad (2.2)$$

мұндағы $I_{ном}$ – ажыратқыштың номиналды жұмыс тогы, кА;
 I_{max} – орнатылып отырған қондырғының есептелген
 максималды жұмыс жасау тогы, А.

3) Ажыратқыштың ажырату қабілеті бойынша:

$$I_{өшір. ном} \geq I_{п0}, \quad (2.3)$$

мұндағы $I_{п0}$ – ҚТ тогының периодты құраушысы, кА;
 $I_{өшір. ном}$ – ажыратқыштың номиналды өшіру тогы, кА.

4) Электродинамикалық беріктілігі бойынша тексеру:

$$I_{a.дин} \geq i_{соқ}, \quad (2.4)$$

мұндағы $I_{a.дин}$ – электродинамикалық тұрақтылық тогы, кА;
 $i_{соқ}$ – ҚТ соққы тогы, кА.

5) Ажыратқыштарды термиялық тұрақтылыққа тексеру:

$$I_{тер}^2 \cdot t_{өшір.} \geq B_k, \quad (2.5)$$

мұндағы $I_{тер}$ – Ажыратқыштың термиялық тұрақтылық тогы, кА;
 $t_{өшір.}$ – ажыратқыш толық өшіру , с;
 B_k – ҚТ тогының жылулық импульсі, кА².с.

Жылулық импульсі есептеу формуласы:

$$B_k = I_{п0}^2 (t_{өшір.} + T_a), \quad (2.6)$$

Трансформатордың максималды жұмыс тогын анықтау:

$$= \frac{k_{асқ} S_{ном тр}}{\sqrt{3} \cdot I_p}, \quad (2.7)$$

$U_{\text{ном}}$

мұнағы $K_{\text{асқ}}$ - асқын жүктелу коэффициенті;

$S_{\text{ном тр}}$ - трансформатордың номинал қуаты;

$U_{\text{ном}}$ - трансформатор жағының номинал кернеуі.

110 кВ жағының жұмыс тогы:

$$I_{\text{ж}} = \frac{1,4 \cdot 16 \cdot 10^6}{\sqrt{3} \cdot 110 \cdot 10^3} = 117,56 \text{ A}.$$

10 кВ жағының жұмыс тогы:

$$I_{\text{ж}} = \frac{1,4 \cdot 16 \cdot 10^6}{\sqrt{3} \cdot 10 \cdot 10^3} = 1293,2 \text{ A}.$$

Трансформатор 110 кВ жағына ажыратқыш таңдау.

2.1 кесте –110 кВ электр қондырғылары үшін ажыратқыш түрлері

Ажыратқыш атауы	ВРС-110	ВТБ-110	3AP1 DT 123
Өндіруші	Высоковольтный союз, Ресей	ЗЭТО, Ресей	Siemens
$U_{\text{ном, өшір}}$, кВ	126	126	123
$I_{\text{ном, өшір}}$, А	2500	2000	1000
$I_{\text{өшір, ном}}$, кА	31,5	40	20
$I_{\text{а, дин}}$, кА	81	102	50

Осы үш мүмкін болатын жоғары вольтті ажыратқыштардың ішінен мен 3AP1 DT 123 (Siemens) элегазды ажыратқышын таңдаймын. Себебі менің трансформаторымның қуаты аз сол себепті есептік токтың мәніде аз болады. Осы ажыратқыштың номиналды тогы төмен соған сәйкес бағасыда арзан, әрі қол жетімді болып саналады. Ажыратқыш параметрлері 2.2 кестеде көрсетілген [4].

Осы алынған шамалар мәніне қарап 110 кВ жаққа Siemens 3AP1 DT 123 ажыратқышын таңдаймын.

2.2 кесте – 110 кВ таңдалынған ажыратқыш параметрлерін есептік мәндермен салыстыру.

Есептік мәндер		3AP1 DT 123 (Siemens)	
$U_{орн\ ном}$, кВ	115	$U_{ном,өшір}$ кВ	123
$I_{макс\ рас}$, А	117,56	$I_{ном,өшір}$, А	1000
$I_{по}$, кА	3,492	$I_{өшір,ном}$, кА	20
$i_{соқ}$, кА	8,8	$I_{а,дин}$, кА	50
B_k , кА ² ·с	2,56	$I_{тер2} \cdot t_{өшір}$, кА ² ·с	77,5

3AP1 DT күштік ажыратқышы оқшаулағыш ретінде пайдаланылатын SF6 газымен толтырылған үш полюсті автоматты қосқыш. Оның сипаттамалары барлық есептелген критерийлерге сәйкес келеді. Элегаздық ажыратқыштың сенімділігі жоғары, жөндеуаралық мерзімі 15 жылға дейін ұзартылған, жабдықтың өрт қауіпсіздігі жоғары. Ажыратқыш конструкциясының шағын салмағы және габаритті өлшемдірі приводтың шусыз жұмысымен үйлеседі.

Таңдалынған ажыратқыш барлық шарттар бойынша қанағаттандырылды.

Қосалқы станциямыздағы екінші трансформатор үшін де, осы ажыратқышты таңдаймыз.

110 кВ шинадағы желіге ажыратқыш, шинадағы айналып өту ажыратқышын және секционды ажыратқыш ретінде жоғарыдағы Siemens 3AP1 DT 123 таңдадым.

10кВ жағындағы ажыратқыштарын таңдау.

2.3 кесте –10 кВ электр қондырғылары үшін ажыратқыш түрлері:

Ажыратқыш атауы	ВРС-10	VD4G1216110P25	LF2
Өндірілген жері	Высоковольтный союз, Ресей	«ABB», Швейцария	Merlin Gerin, (Schneider electric)
$U_{ном,өшір}$ кВ	10,5	12	10
$I_{ном,өшір}$, А	2500	1600	2000
$I_{өшір,ном}$, кА	31,5	63	40
$I_{в,дин}$, кА	80	25	102

Осы үш мүмкін болатын жоғары вольтті ажыратқыштардың ішінен мен LF2, (Schneider electric) элегазды ажыратқышын таңдаймын. LF2 ажыратқыштары номиналды токтарды коммутациялауға және 6, 10 кВ тарату электр желілеріндегі және электрмен жабдықтау жүйелеріндегі қысқа тұйықталу токтарын ажыратуға арналған.

Бұл ажыратқышта доғаны элегаздың температурасын кеңейту эффектісіне немесе оны айналдыру техникасына негізделіп өшіру қолданылады. Бұл өз кезегінде үлкен қысқа тұйықталу токтары кезінде доғаны сенімді түрде сөндіруге мүмкіндік береді. Камераның герметикалығының бұзылуы және нөлдік артық қысым кезінде номиналды кернеу кезінде номиналды токтарды ажырату мүмкіндігіне кепілдік беріледі.

LF2 ажыратқышының доға сөндіргіш камерасы пайдалану уақыты аралығында тексеруді қажет етпейді. Номиналды техникалық жағдайлар кезінде пайдаланып жатқан ажыратқыштың механикалық приводын 10 жыл бойы немесе 10000 қосып –өшіруге дейін тексеруді қажет етпейді.

2.4 кесте – 10 кВ-қа таңдалынған ажыратқыш параметрлерін есептік мәндермен салыстыру [5].

Есептік мәндер		LF2, (Schneider electric)	
$U_{орн\ ном}$, кВ	10	$U_{ном,өшір}$ кВ	10
$I_{макс\ ес.}$, А	1293,2	$I_{ном,өшір}$, А	2000
$I_{по}$, кА	7,285	$I_{өшір,ном}$, кА	40
$i_{соқ}$, кА	18,33	$I_{а,дин}$, кА	102

Элегазды ажыратқыш таңдаған себептен термиялық тұрақтылыққа тексеру қажет емес.

Таңдалынған ажыратқыш барлық шарттар бойынша қанағаттандырылды.

Қосалқы станциямыздағы екінші трансформатор үшін де, осы ажыратқышты таңдаймыз.

10 кВ трансформатордан тұтынушыларға баратын 12 фидер бар, сәйкесінше әр желінің жұмыстық тогын анықтаймыз:

Әр трансформатордан 6 фидер шығады және әр желінің жүктемесі бірдей деп алсақ:

$$I_{жұм}^1 = \frac{16 \cdot 10^6}{6 \cdot \sqrt{3} \cdot 10 \cdot 10^3} = 154 \text{ А} .$$

Осы желінің максималды токтары:

$$I_{\text{макс1}} = 1,4 \cdot I_{\text{жүм1}} = 215,6 \text{ А.}$$

2.5 кесте – 10 кВ фидерлерге таңдалатын ажыратқыш [5].

Есептік мәндер		LF1, (Schneider electric)	
$U_{\text{орн ном}}, \text{ кВ}$	10	$U_{\text{ном, өшір}}, \text{ кВ}$	10
$I_{\text{макс ес.}}, \text{ А}$	215,6	$I_{\text{ном, өшір}}, \text{ А}$	630
$I_{\text{по}}, \text{ кА}$	7,285	$I_{\text{өшір., ном}}, \text{ кА}$	25
$i_{\text{соқ}}, \text{ кА}$	18,33	$I_{\text{а, дин}}, \text{ кА}$	64

2.3 Айырғыштарды таңдау

Айырғыштар бұл токсыз немесе шамалы токпен электр тізбегін ажыратуға және қосуға арналған түйіспелі коммутациялық аппарат. Айырғышар оқшаулағыштарда бекітілген жылжымалы және қозғалмайтын контактілерден тұрады.

Айырғыштар айырғыш қосылған кезде жерге тұйықтаушылардың (заземлитель) қосылуын және жерге тұйықтаушылар қосылған кезде айырғыштардың қосылуын болдырмайтын механикалық бұғаттаумен жабдықталған.

Айырғыштар ажыратылған учаскелерде тексеру және жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жоғары вольтты тарату құрылғыларында қолданылады.

Айырғыштарды сондай-ақ шиналарды секциялау және электр желілерін тарату құрылғысының шиналарының бір жүйесінен екіншісіне ауыстыру үшін қолданады.

Айырғыштарды іске қосар алдында, оларды қысқа тұйықталу токтарының пайда болуына тексерілуі керек [1].

Айырғыштарды таңдау келесі маңызды параметрлерге негізделген:

1) Кернеу бойынша:

$$U_{\text{ном}} \leq U_{\text{орн. ном}} \quad (2.8)$$

2) Ток бойынша:

$$I_{\text{НОМ}} \text{ } \otimes \text{ } I_{\text{МАКС}}, \quad (2.9)$$

мұндағы $U_{\text{НОМ}}$ – номиналды кернеуі, кВ;

$U_{\text{ОРН.НОМ}}$ – электр қондырғының номиналды кернеуі, кВ;

$I_{\text{НОМ}}$ – айырғыштың номиналды тогы, А;

$I_{\text{МАКС}}$ – ағымдағы жөндеу немесе авариялардан кейінгі режимдегі жоғарғы ток мәні, А.

3) электродинамикалық орнықтылығы бойынша:

$$i_{\text{ДИН}} \text{ } \otimes \text{ } i_{\text{СОК}}, \quad (2.10)$$

мұндағы $i_{\text{СОК}}$ – ҚТ соққы тогы;

$i_{\text{ДИН}}$ – электродинамикалық орнықтылық тогы, кА.

2.6 кесте –110 кВ электр қондырғылары үшін айырғыштар параметрлері[6].

Есептік мәндер	Каталог мәндері
	РН СЭЩ-110/1250
$U_{\text{ОРН.НОМ}}=110$ кВ	$U_{\text{НОМ}}=110$ кВ
$I_{\text{МАКС}}=1293,2$ А	$I_{\text{НОМ}}=2000$ А
$I_{\text{СОК}}=8,8$ кА	$I_{\text{ДИН}}=80$ кА

110 кВ-тық тарату қондырғыларына біз РН СЭЩ-110/2000 айырғыштарын таңдаймыз.

2.4 Өлшеуіштік ток трансформаторларын таңдау

Өлшеуіштік трансформаторы-бақыланатын тізбектегі кернеуді, токты немесе өнеркәсіптік жиіліктегі (50 немесе 60 Гц) ауыспалы токтың электр сигналының фазасын өлшеуге және бақылауға арналған электр трансформаторы.

Өлшеу құралын тікелей қосу ыңғайсыз немесе мүмкін болмаған жағдайларда, мысалы, өте үлкен токтарды немесе кернеуді өлшеу кезінде қолданылады. Сондай-ақ өлшеу немесе бақылау тізбегінен бастапқы тізбектің гальваникалық оқшаулануын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Ток трансформатор номинал параметрлері желі параметрлерімен сәйкестендіре таңдалынады:

1) Кернеу бойынша:

$$U_{\text{ном}} \geq U_{\text{орн.ном}}, \quad (2.11)$$

мұндағы $U_{\text{ном}}$ – ток трансформаторының номиналды кернеуі, В;

$U_{\text{орн.ном}}$ – қондырғы номинал кернеуі, В.

2) Ток бойынша:

$$I_{\text{ном}} \geq I_{\text{макс}}, \quad (2.12)$$

мұндағы $I_{\text{ном}}$ – трансформаторының номиналды тогы, А;

$I_{\text{макс}}$ – желі максимал ток мәні, А.

3) Электродинамикалық орнықтылығы бойынша:

$$i_{\text{дин.}} \geq i_{\text{соқ}}, \quad (2.13)$$

мұндағы $i_{\text{соқ}}$ – ҚТ соққы тогы;

$i_{\text{дин}}$ –

электродинамикалық орнықтылық тогы, кА.

4) Термиялық орнықтылықтың негізгі шарты:

$$I_{\text{тер}}^2 \cdot t_{\text{өшір.}} \geq B_k. \quad (2.14)$$

Жылулық импульсі:

$$B_k = I_{\text{по}}^2 (t_{\text{өшір.}} + T_a). \quad (2.15)$$

5) Екіншілік жүктемесі бойынша:

$$Z_2 \leq Z_{2н}, \quad (2.16)$$

мұндағы Z_2 – трансформатордың екінші реттік жүктемесі, Ом;

$Z_{2н}$ – ток трансформаторының рұқсат етілген жүктемесі, Ом.

110 кВ бөлігіне ток трансформаторын таңдау.

2.7 кесте – Трансформатор 110 кВ бөлігіне фаза бойынша орнатылатын құрылғылар қуаты:

Құрал	Түрі	Тұтынатын қуат, ВА		
		Фаза А	Фаза В	Фаза С
Амперметр	Э-365	0,5	0,5	0,5
Энергия санағыш	OMNIPOWERCT	0,1	0,1	0,1
Қорытынды		0,6	0,6	0,6

OMNIPOWERCT санағышының кедергісін анықтаймыз:

$$r_{ш} = \frac{\sum S}{i_2^2}; \quad (2.17)$$

$$Z_{ш} = \frac{0,6}{5^2} = 0,02, \text{ Ом,}$$

мұнда $S_{ш.} = 0,6 \text{ ВА}$ – құрылғының пайдаланатын қуаты ;

$I_2 = 5 \text{ А}$ – ток трансформаторының екінші орамасының номиналды тогы.

ТФМ-110-II-Y1 каталогына сәйкес, номиналды екінші жүктемеден есептелген, өлшеуге арналған ток трансформаторлары орамдарының кедергісін анықтаймыз.

$$S_{ном} \frac{30}{25} Z_{рұқ} = I_2^2 =$$

$$25 = 1,2.$$

$$Z_{ном}$$

$Z_{н} = Z_{рұқ}$ ескере отырып, ток трансформаторларын толық жұлдызға қосу сұлбасы үшін сым (кабель) кедергісін анықтаймыз:

$$r_{сым} = Z_{рұқ} - Z_c - r_{өтп.п}; \quad (2.18)$$

$$r_{сым} = Z_{рұқ} - Z_c - r_{өтп.п} = 1,2 - 0,024 - 0,1 = 1,076,$$

мұнда $r_{\text{өтп.п}}=0,05$ Ом-екі, үш аспап болған кездегі түйіспелердің өтпелі кедергісі және көп аспаптарда 0,1 Ом;

0,5 S дәлдік классты ток трансформаторларын OMNIPOWERCT типті есептеуішпен қосатын кабель қимасын анықтаймыз:

$$S = \frac{l}{\gamma \cdot r_{\text{сым}}} = \frac{80}{57 \cdot 1.076} = 1,3 \text{ мм}^2,$$

мұнда l – ток трансформаторынан өлшеу құралдарын орнату орнына дейінгі сым (кабель) ұзындығы, м; γ -меншікті өткізгіштігі, м/Ом·мм² (мыс үшін $\gamma = 57$, алюминий үшін $\gamma = 34,5$).

Есептелініп алынған қима бойынша 2,5 мм² қималы КРВГ маркалы бақылау кабелін таңдаймыз.

Есептелген кедергіні есепке ала отырып, кабельдің нақты кедергісін анықтаймыз.

$$r_{\text{сым}} = \frac{l}{\gamma \cdot S} = \frac{80}{57 \cdot 2,5} = 0,56 \text{ Ом}.$$

Нақты жүктемені анықтаймыз, бұл ретте $Z_{\text{н}} < Z_{\text{рүк}}$ шарты орындалуы тиіс:

$$Z_{\text{н}} = Z_{\text{с}} + r_{\text{с}} + r_{\text{өтп.п}} = 0,024 + 0,56 + 0,1 = 0,684.$$

$Z_{\text{н}} < Z_{\text{рүк}} = 0,684 < 1.2$ бесінші шарт орындалып тұр.

2.8 кесте – 110 кВ ток трансформаторларын таңдау [7].

Есептік мәндер	Каталогтық шамалар
	ТФМ-110-0,2S-II-Y1
$U_{\text{орн.ном}}=110$ кВ	$U_{\text{ном}}=110$ кВ
$I_{\text{макс}}=17,56$ А	$I_{\text{ном}}=150$ А
$B_{\text{к}}=36,7$ кА ² с	$I_{\text{тер2}} \nabla t_{\text{owip}}=48 \text{ кА}^2 \nabla \text{с}$

10 кВ бөлігіне ток трансформаторын таңдау.

Трансформатор 10 кВ бөлігіне фаза бойынша орнатылатын құрылғылар қуаты.

OMNIPOWERCT санағышының кедергісін анықтаймыз:

$$Z_{ш} = \frac{0,6}{5^2} = 0,024 \text{ Ом,}$$

мұнда $S_{ш.} = 0,6 \text{ ВА}$ – құрылғының пайдаланатын қуаты;

$I_2 = 5 \text{ А}$ – ток трансформаторының екінші орамасының номиналды тогы.

ТОЛ – 10-0,5/10P-1500/5-УХЛ2 каталогына сәйкес, номиналды екінші жүктемеден есептелген, өлшеуге арналған ток трансформаторлары орамдарының кедергісін анықтаймыз.

$$Z_{р\grave{u}q} = \frac{S_{ном}}{2I_2} = \frac{10}{2 \cdot 5} = 0,4 \text{ Ом.}$$

$Z_n = Z_{р\grave{u}q}$ ескере отырып, ток трансформаторларын толық жұлдызға қосу сұлбасы үшін сым (кабель) кедергісін анықтаймыз:

$$r_{сым} = Z_{р\grave{u}q} - Z_n - r_{\text{\textcircled{п}}} = 0,4 - 0,024 - 0,05 = 0,326.$$

мұнда $r_{\text{п}} = 0,05 \text{ Ом}$ -екі, үш аспап болған кездегі түйіспелердің өтпелі кедергісі және көп аспаптарда $0,1 \text{ Ом}$.

0,5 S дәлдік классты ток трансформаторларын OMNIPOWERCT типті есептеуішпен қосатын кабель қимасын анықтаймыз:

$$S = \frac{l}{\gamma \cdot r_{сым}} = \frac{6}{57 \cdot 0,326} = 0,33 \text{ мм}^2.$$

Есептелініп алынған қима бойынша $2,5 \text{ мм}^2$ қималы КРВГ маркалы бақылау кабелін таңдаймыз.

Есептелген кедергіні есепке ала отырып, кабельдің нақты кедергісін анықтаймыз.

$$r_{\text{сым}} = \frac{l}{\gamma \cdot S} = \frac{6}{57 \cdot 2,5} = 0,42 \text{ Ом} .$$

Нақты жүктемені анықтаймыз, бұл ретте $Z_{\text{н}} < Z_{\text{рүк}}$ шарты орындалуы тиіс:

$$Z_{\text{н}} = Z_{\text{п}} + r_{\text{п}} + r_{\text{өтп.п}} = 0,024 + 0,42 + 0,05 = 0,116.$$

$Z_{\text{н}} < Z_{\text{рүк}} = 0,116 < 0,4$ бесінші шарт орындалып тұр.

2.9 кесте – 10 кВ ток трансформаторларын таңдау[8].

Есептік мәндер	Каталогтық мәндер
	ТОЛ – 10-0,5/10P-1500/5-УХЛ2
$U_{\text{орн.ном}} = 10 \text{ кВ}$	$U_{\text{ном}} = 10 \text{ кВ}$
$I_{\text{макс}} = 1293,2 \text{ А}$	$I_{\text{ном}} = 1500 \text{ А}$
$B_{\text{к}} = 32 \text{ кА}^2 \cdot \text{с}$	$I_{\text{тер}}^2 \cdot t_{\text{тер}} = 32^2 \cdot 3 = 1600 \text{ кА}^2 \cdot \text{с}$

2.5 Өлшеуіштік кернеу трансформаторларын таңдау

Кернеу трансформаторы кернеуді өлшеуге ыңғайлы шамаға дейін түрлендіруге, сондай-ақ өлшеу тізбектерін және жоғары кернеудің бастапқы тізбектерінен релелік қорғанысты бөлуге арналған.

Өлшеуіштік кернеу трансформаторларын таңдау шарттары:

1) қондырғының кернеуі бойынша :

$$U_{\text{ном}} \geq U_{\text{желі}} . \quad (2.19)$$

2) орамдарды жалғау схемасы мен конструкциялары; 3) дәлдік сыныбы бойынша; 4) екінші жүктеме:

$$S_{\text{ном}} \geq S_{2\Sigma}, \quad (3.20)$$

мұнда $S_{\text{ном}}$ - таңдалған дәлдік сыныбындағы номиналды қуат, бұл ретте жұлдызша жалғанған бір фазалы трансформаторлар үшін барлық үш фазаның жиынтық қуатын, ал ашық үшбұрыш схемасы

бойынша қосылғандар үшін — бір трансформатордың екі еселенген қуатын алу керек;

$S_{2\Sigma}$ - кернеу трансформаторына жалғанған барлық өлшеу аспаптары мен реленің жүктемесі, ВА.

110 кВ жаққа кернеу трансформаторын таңдау.

2.10 кесте – 110 кВ жақтағы екінші ретті жүктеме.

Құрылғы	Түрі	Тұтынатын қуат, ВА
Вольтметр	Э -350	2
Энергия санағыш	OMNIPOWERCT	3,6
РЗА		0,3×3
Қорытынды:		6,5

110 кВ қондырғылары үшін ЗНОГ-110 (У1,УХЛ1) типті кернеу трансформаторын таңдаймыз.

2.11 кесте – 110 кВ жаққа кернеу трансформаторларын таңдау.

Есептік шамалар	Каталогтық мәндер
	ЗНОГ – 110 (У1,УХЛ1)
$U_{\text{желі}} = 110 \text{ кВ}$	$U_{\text{ном}} = 110 \text{ кВ}$
$S_{2\Sigma} = 6,5 \text{ ВА}$	$S_{\text{ном}} = 200 \text{ ВА}$
Дәлдік классы 0,5	

10 кВ жаққа кернеу трансформаторын таңдау

Трансформатордың екінші ретті жүктемесінің мәні 2.12 кестеге енгізілген.

2.12 кесте – 10 кВ жақтағы екінші ретті жүктеме.

Құрылғы	Түрі	Тұтынатын қуаты, ВА
Вольтметр	Э-350	2
Энергия санағыш	OMNIPOWERCT	3,6×12
РЗА		0,3×3
Қорытынды:		46,1

10 кВ үшін НОМ-10-66 У2 (Т2) типті кернеу трансформаторын таңдаймыз.

2.13 кесте – 10 кВ жаққа кернеу трансформаторларын таңдау [10].

Есептік мәндер	Каталогтық мәндер
	НОМ-10-66 У2 (Т2)
$U_{орн.ном} = 10$ кВ	$U_{ном} = 10$ кВ
$S_{2\kappa} = 46,1$ ВА	$S_{ном} = 630$ ВА
Дәлдік классы 0,5	

2.6 Шиналарды таңдау

Шиналардың қимасы қалыпты жұмыс режимі үшін және жұмыс жылдамдатылған режимі жағдайында ұзақ токты қыздыру үшін ұсынылатын экономикалық тығыздық бойынша таңдалады. Бұл жағдайда қалыпты және апаттан кейінгі режимдерді де қарастырамыз. Таңдау шарты:

$$I_{\max} \leq I_{рук}, \quad (2.21)$$

мұндағы $I_{рук}$ – ($\theta_{0,ном} = 25^{\circ}\text{C}$) рұқсат етілген қоршаған орта температурасын ескере отырып таңдап алған шинадан өтетін рұқсат етілген ток:

$$I_{рук} \leq I_{рук.ном} \sqrt{\frac{\Delta_{рук}^0}{\Delta_{рук} \Delta_{0.ном}}}, \quad (2.22)$$

мұндағы боялған шиналар үшін $\theta_{0,рұқ} = 70^{\circ}\text{C}$; $\theta_{0,ном} = 25^{\circ}\text{C}$ деп қарастырсақ,

$$I_{рук} \leq I_{рук.ном} \sqrt{\frac{70 - 25}{45}} I_{рук.ном} \leq 1,$$

мұндағы $I_{рук.ном}$ – қоршаған орта температурасы $\theta_{0,ном} = 25^{\circ}\text{C}$ болған кездегі рұқсат етілетін ток; θ_0 – қоршаған ортаның нақты температурасы; $\theta_{рұқ}$ – жалғасқан режимдегі рұқсат етілетін

қызудың температурасы (ЭҚЕ талаптарына сай шиналар үшін +70°C).

110 кВ жаққа шина қабылдау. Жалғасымды режимдегі есептік тогын анықтаймыз:

$$I_{ном.тр} = \frac{S_{н.тр}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}} \quad (2.23)$$

$$I_{ном.тр} = \frac{16000}{\sqrt{3} \cdot 110} = 83,97 \text{ А};$$

$$I_{max} = 1,4 \cdot I_{ном.тр}; \quad (2.24)$$

$$I_{max} = 1,4 \cdot 83,97 = 117,56.$$

АС-120/19 маркалы шинаны таңдаймыз; $I_{рүк} = 390 \text{ А}$ [24].

10 кВ жаққа шинаны қабылдау.

Жалғасымды режимдегі есептік тогын есептейміз:

$$I_{ном.тр} = \frac{S_{н.тр}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}} \quad (2.25)$$

$$I_{ном.тр} = \frac{16000}{\sqrt{3} \cdot 10} = 923,7;$$

$$I_{max} = 1,4 \cdot I_{ном.тр}; \quad (2.26)$$

$$I_{max} = 1,4 \cdot 923,7 = 1293,2 \text{ А}.$$

POWERDUCT маркасындағы үш жолақты алюминді шинаны аламыз $200 \times 6 \text{ мм}^2$; $I_{рүк} = 5000 \text{ А}$ [11].

2.7 Сақтандырғыштарды таңдау

Сақтандырғыш - токтың мәні рұқсат етілген мәннен асқан соң ток өткізгіш бөліктерді ажырату немесе ажырату үшін қорғалатын тізбекті ажыратуға арналған коммутациялық электрлік аппараты.

Сақтандырғышты таңдау төменде келтірілген параметерлер бойынша іске асады:

Номиналды кернеу бойынша:

$$U_{\text{ном}} \geq U_{\text{орн.ном}} \quad (2.27)$$

Номиналды ток бойынша:

$$I_{\text{ном}} \geq I_{\text{макс}} \quad (2.28)$$

Сақтандырғышты тексеру келесі параметрлермен жүргізіледі: Өшіру қабілеті бойынша:

$$I_{\text{ошр.ном}} \geq I_{\text{п.0}} \quad (2.29)$$

110 кВ жақтағы тізбекке сақтандырғыш таңдаймын.

10 кВ жаққа сақтандырғыш таңдау. Қалыпты режимнің есептік токтарын есептеу:

$$I_{\text{жум}} = \frac{0,37 \cdot 10 \cdot 630}{\sqrt{3}} = 0,025 \text{ А};$$

$$I_{\text{жум.макс}} = \frac{1,4 \cdot 630}{\sqrt{3} \cdot 10} = 0,0509 \text{ А.}$$

Есептік мәндер мен каталогтық шамалар келесі кестеде көрсетілген.

2.14 кесте – 10 кВ жаққа сақтандырғыш таңдау [12].

Есептік шамалар	Каталогтық шамалар
	ПКТ-101-10-20-20-У1
$U_{\text{орн.ном}} = 10 \text{ кВ}$	$U_{\text{ном}} = 10 \text{ кВ}$

$I_{\text{макс}} = 0,0509 \text{ A}$	$I_{\text{ном}} = 20 \text{ A}$
$I_{\text{П10}} = 7,282 \text{ кА}$	$I_{\text{ошр.ном}} = 20 \text{ кА}$

Кернеу трансформаторларының тізбегіне ПКТ-101 типті сақтандырғыш таңдаймыз.

2.8 Асқын кернеу шектеуші таңдау

Асқын кернеу шектеуші электрмен жабдықтау жүйелерінің жабдықтарын коммутациялық және найзағайдан асқын кернеулерден қорғауға арналған электр аппараты. ОПН ұшқынсыз ажыратқыш деп атауға болады. Қазіргі таңда электр тораптарының жабдықтарын қорғаудың тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Асқын токты шектеушіні таңдау номиналды кернеу бойынша жүргізіледі:

$$U_{\text{ном}} \leq U_{\text{орн.ном}} \quad (2.30)$$

Трансформаторды ауалық асқын кернеулерден және тарату құрылғыларының оқшауламасын қорғау үшін келесі асқын кернеу шектеушілерді таңдаймыз:

2.15 кесте – таңдалынып алынған асқын кернеу шектеуші

Кернеу классы	Асқын кернеу шектеуші аты
110 кВ	ОПН-П-110 УХЛ1
10 кВ	ОПН-П-10 УХЛ1

3 Желінің қорғанысы

Желі қорғанысы ретінде біз дистанциондық қорғаныс пен нөлдік реттілік тоқ қорғанысты аламыз. Желінің релелік қорғанысы келесі талаптарға сай болуы керек:

- апат болған жерге ең жақын ажыратқыш ҚТ тогын өшіруі тиіс;
- егер апат болған жерге ең жақын ажыратқыш ҚТ тогын сөндірмесе онда, ақаулық орнына ең жақын келесі ажыратқыш резерв ретінде сөндіруі керек;
- энерго жүйенің басқа бөліктерін қорғайтын автоматты сөндіргіш жұмыс істеп кетпеуі үшін желіні қорғайтын автоматты ажыратқыштың жұмыс уақыты алдындағы қорғаныстан реттелуі керек. Селективтілікті сақтау керек.

Желінің қорғанысы үшін Schneider Micom компаниясының Р141 және Р441 терминалдарын аламыз. Р441 терминалы желінің дистанциялық қорғанысы болып табылады.

Энергия жүйесі мен оның элементтеріне тиімді қызмет көрсету үшін қосымша функциялардың кең жиынтығы пайдаланушыларды барлық ақпаратпен қамтамасыз етеді, сонымен бірге ажыратқыштарды, ток трансформаторлары, кернеу трансформаторларын қоса алғанда.

Қолданушы интерфейсі, төрт тілді және графикалық схемалар арқылы еркін бағдарламаланатын логика кез келген желілерде қарапайым және икемді пайдалануға мүмкіндік береді.

3.1 Төрт сатылы нөлдік реттілік тоқ қорғанысын (НРТҚ) есептеу

110 кВ желіні бір фазалы және екі фазалы жерге қысқа тұйықталу токтарынан қорғау үшін 4 сатылы НРТҚ қорғанысын қолданамыз.

Нөлдік реттілік токтарды есептеу үшін бір фазалы және екі фазалы қысқа тұйықталу токтарының комплексті сұлбаларын орындау қажет. «MULTISIM» бағдарламасының көмегімен тура, кері және нөлдік реттілік сұлбаларын құрып ҚТ токтарды анықтаймыз.

НРТҚ бірінші сатысын есептеу.

НРТҚ бірінші сатысы жүйенің максималды режимінде қорғалатын желі аймағындағы бір және екі фазалы жерге қысқа тұйықталу токтарына байланысты есептелінеді.

Бірінші саты уақыт ұстанымысыз жұмыс жасайды, $t_{л8}^I=0$.

$$I_{л8}^I = K_H \cdot 3I_0, \quad (3.1)$$

мұндағы $K_H = 1,3$ – сенімділік коэффициенті.

8 желінің бір және екі фазалы жерге тұйықталу ҚТ токтары А қосымша А1 - А2 суреттерінде көрсетілген. Модельдеу қорытындысы:

$$I_0^{(1)} = 502,501 \text{ А};$$

$$I_{0(1,1)} = 498,95 \text{ А}.$$

Екі шарттын ішінен ҚТ тогының шамасы үлкенін аламыз. Сол мән бойынша 8 желінің бірінші сатысының жұмыс жасау тогын төмендегідей есептейміз.

$$I_{л8}^I = 1,3 \cdot 3 \cdot 502,501 = 1959,88 \text{ А}.$$

НРТҚ екінші сатысын есептеу.

Екінші саты қорғалатын желіден кейінгі көршілес жатқан желінің қорғанысынан реттелуі керек. Осыған байланысты төмендегі шарттар пайда болады:

а) 6 желінің НРТҚ бойынша бірінші сатысынан реттеу.

Бірінші шарт бойынша Л6 – $I_{л6}^I$ желісінің бірінші сатысының іске қосылу тогын есептеу қажет, содан кейін $I_{л6}^I$ іске қосылу аймағының соңын тауып, сол нүктеде жерге тұйықталу ҚТ тогын модельдеп Л8 желісінің қорғаныс жинағы арқылы қандай I_0 тогы ағып жатқанын анықтауымыз қажет, осы мән бойынша Л8 желісінің екінші сатысының іске қосылу тогын есептеуіміз керек.

$$I_{л8}^{II} = K_H \cdot 3I_0, \quad (3.2)$$

мұндағы $K_H = 1,2$ – сенімділік коэффициенті [25].

Л6 желісінің бірінші сатысының $I_{л6}^I$ тогы $I_{л8}^I$ сияқты анықталады, бағдарлама көмегімен комплексті сұлба құрамыз. Алынған мәліметтер А қосымша А4-А5 суретінде көрсетілген.

$$I_{л6}^I = 1,3 \cdot 3 \cdot 689,53 = 2689,16 \text{ A};$$

$$x = \frac{I_{сзл6}^I}{3};$$

$$x = \frac{2689,16}{3} = 896,4 \text{ A}.$$

Осы алынған x шамасын бағдарламада потенциалометрдің кедергісін өзгерте отырып 6 желідегі амперметрдің I_0 тогы x шамасымен теңескен кездегі 8 желідегі I_0 тогын тауып аламыз.

Екінші сатының іске қосу тогын анықтау үшін алынған бір және екі фазалы ҚТ токтары А қосымша А7-А8 суреттерінде көрсетілген.

$$I_{сзл8}^{II} = 1,2 \cdot 3 \cdot 295,99 = 935,96 \text{ A}.$$

Сезімталдыққа тексереміз. 8 желідегі минималды режим кезіндегі бір фазалы жерге ҚТ тогын табамыз, сурет А қосымша А3 суретінде көрсетілген.

$$K_{ч} = \frac{3I_0}{I_{л8}^{II}} \geq 1,5; \quad (3.3)$$

$$K_{ч} = \frac{3 \cdot 495,63}{935,96} = 1,58 > 1,5.$$

Екінші саты уақыт ұстанымы селективтілік сатысына тең болып алынады.

$$t_{л8}^{II} = \Delta t = 0,2 \text{ сек.}$$

НРТҚ үшінші сатысын есептеу.

НРТҚ үшінші сатысын есептеу үшін 6 желінің екінші сатысын есептейміз. Ол үшін 4 желінің бірінші сатысын анықтауымыз қажет.

4 желідегі қысқа тұйықталу токтары А қосымша А8-А9 суреттерінде көрсетілген.

$$I_{\text{сзл}}^I_4 = 1,3 \cdot 3 \cdot 594,813 = 2319,77 \text{ A};$$

$$x = \frac{I_{\text{сзл}}^I_4}{3};$$

$$x = \frac{2319,77}{3} = 773,25.$$

6 желінің екінші сатысының қысқа тұйықталу токтары А қосымша А10А11 суреттерінде көрсетілген.

Моделдеуден кейін $I_0 = 380,3 \text{ A}$ аламыз:

$$I_{\text{сзл}}^{II}_6 = 1,2 \cdot 3 \cdot 380,3 = 1369,08 \text{ A};$$

$I_{\text{сзл}}^{II}_6$

$$x = \frac{I_{\text{сзл}}^{II}_6}{3};$$

$$x = \frac{1369,08}{3} = 456,36.$$

Селективтілік сақталуы үшін 8 желінің үшінші сатысын 6 желінің екінші сатысынан реттейміз.

8 желінің үшінші сатысын анықтауға арналған бір және екі фазалы ҚТ токтарының моделдеуі А қосымша А12-А13 суреттерінде көрсетілген.

$$I_{\text{сзл}}^{III}_8 = 1,2 \cdot 3 \cdot 163,56 = 588,816 \text{ A}.$$

Сезімталдық коэффициентін анықтаймыз.

8 желідегі минималды режим кезіндегі бір фазалы жерге ҚТ тогын табамыз А қосымша А3 суретінде көрсетілген.

$$K_{\text{ч}} = 3 \frac{I_{\text{ЛПШО}}^I(81)}{I_0} \geq 1,5; \quad (3.4)$$

$$K_q = \frac{3 \cdot 495,63}{588,816} = 2,52 > 1,5$$

Үшінші саты уақыт ұстанымы селективтілік сатысына тең болып алынады [2].

$$t_{л8III} = t_{л8II} + \Delta t = 0,4 \text{ сек.}$$

НРТҚ төртінші сатысы.

НРТҚ-ға жалғанатын төртінші саты фильтрда пайда болатын $3I_0$ небаланс тогынан реттеледі. Небаланс тогының ең үлкен мәні үш фазалы ҚТ кезінде болады, ал ҚТ нүктесі ретінде қарсы қосалқы станциядағы трансформатордан кейінгі үш фазалы ҚТ тогын аламыз.

Берілген есепте Т6 трансформаторының артындағы ҚТ тогын аламыз. Құрастырылған сұлба А қосымша А14 суртте көрсетілген.

$$I_{л8}^{IV} = K_H \cdot I_{НБ}, \quad (3.5)$$

мұндағы $K_H = 1,25$ – сенімділік коэффициенті;
 $I_{НБ}$ – небаланс тогы [25].

$$I_{НБ} = I_{кз} \cdot \varepsilon \cdot K_A \cdot K_{бiрт}; \quad (3.6)$$

$$I_{НБ} = 2031 \cdot 0,1 \cdot 1 \cdot 0,5 = 101,55 \text{ А,}$$

мұндағы $\varepsilon = 0,1$ – ток трансформаторының қателігі;
 $K_A = 1$ – апериодтық құраушы коэффициенті;
 $K_{бiрт} = 0,5$ – ток трансформаторының біркелкілік коэффициенті [25].

$$I_{л8}^{IV} = K_H \cdot I_{НБ} = 1,25 \cdot 101,55 = 126,93 \text{ А.}$$

Сезімталдық коэффициенті.

$$K_q = 3 \frac{I_{ЛIV(21)}^I}{I_{ЛIV(21)}^I}, \quad (3.7)$$

мұндағы $3I_0^{(1)}$ – энергожүйенің минимал режимінде қорғалатын желі соңындағы бір фазалық ҚТ кезіндегі қорғаныс комплектісі арқылы өтетін ток.

Төртінші саты сезімталдығы қосалқы желілердің соңындағы жерге ҚТ тоғын сенімді түрде сезуі тиіс. Себебі, сезімталдық релелік қорғаныстың басты шарттарының бірі.

Моделдеу қорытындысы бойынша аламыз:

$$I_0^{(1)} = 502,534 \text{ A};$$

$$K_{\text{ч}} = \frac{3 \cdot 495,63}{126,93} = 11,7 > 1,2 .$$

Сезімталдық қанағаттандырылды.

Үшінші сатының уақыт ұстанымы шектес желінің үшінші сатысының уақыт ұстанымынан селективтілік сатысы бойынан көп болуы керек. Л8 желісінің төртінші сатысының уақыт ұстанымы $t_{\text{Л8}}^{\text{IV}} = 1.2 \text{ с}$ НРТҚ екінші реттік жұмыс істеу тоғын есептеу.

НРТҚ ток трансформаторларынан жинақталған $3I_0$ фильтр арқылы желіге қосылады, сондықтан НРТҚ релесінің жұмыс істеу параметрлері екінші ретті токтарда орнатылуы керек.

$$(3.8) \quad i_{\text{с.р.}}^{\text{I}} = \frac{I_{\text{T}}}{k_{\text{ТА}}},$$

мұндағы $k_{\text{ТА}}$ – ток трансформаторның трансформация коэффициенті.
 $k_{\text{ТА}} = 400 / 5 = 80;$

$$i_{\text{с.р.}}^{\text{I}} = \frac{1959,88}{80} = 24.4 \text{ A};$$

